

БОЛЬШЕ,
ЧЕМ ПРОСТО
ВЫСТАВКА

CAF
CENTRAL ASIA FASHION

36 INTERNATIONAL FASHION EXHIBITION
МЕЖДУНАРОДНАЯ ВЫСТАВКА МОДЫ
AUTUMN-2025

28-30 JULY / ИЮЛЬ / ШІЛДЕ

ELITELINE
INTERNATIONAL EXHIBITION • SHOES • FUR • LEATHER • ACCESSORIES

supported by
euro shoes
premiere collection

2025

6 Международная Выставка обуви, меха, кожи и аксессуаров
6 International Exhibition of Footwear, Fur, Leather and Accessories

Үлкен подиумның кішкентай жұлдыздары

Қазақстанның әлемдік сән аренасындағы мәртебесі және балалар fashion-индустриясының өзекті күйі туралы қазақстандық дизайнер, халықаралық деңгейдегі haute couture санатындағы қазақстандық балалар сәнінің ізашары Сабина Вольская әңгімелеп берді. Central Asia Fashion Autumn-2025 халықаралық сән көрмесінде соңғы бірнеше жылда алғаш рет балалар сән көрсетілімі өтті. Бұл аяда Сабина Вольская жоғары талғаммен тігілген сәнді көйлектері мен мінезге толы батыл іскерлік костюмдер топтамасын ұсынды.

Топтама мөлдір-сұр, көгілдір және нәзік қоңыр-сарғыш түстерде жасалған, бұл дизайнердің айтуынша, кішкентай модельдердің жеңілдік пен батылдық сезімін көрсетеді:

«Менде бәрі материалдан басталады: егер мен бітіміне ғашық болсам, бірден бейне туады. Егер бұл шілтер болса, онда оның денеде «өмір сүруі», қимыл-қозғалысты айқындай көрсетуі маңызды. Мен, сондай-ақ, әсіресе балалар сәнінде иыққа екпін беретін бешпеттер мен пенжектерді өте жақсы көремін, себебі балаларға арнап мұндай нәрселерді ешкім дерлік жасамайды. Бәрі балалық шақта киім «өлшеміне сай», ұқыпты және сүйкімді болуы керек деп санайды. Бірақ менің бұл стереотипті бұзғым келеді. Өйткені, осындай киімдерді кие алатын және ол киімдермен керемет көрінетін балалар бар. Бұл оларға күш пен сенімділік береді.



«Балалар өзін көрсетуге көбірек еркіндікке лайық деп санаймын. Бұл жолда сән – олардың сенімді серігі бола алады», – дейді Сабина Вольская.

Осы ұстанымның негізінде дизайнер өз топтамаларында дәстүрлі балеткалар мен романтикалық туфлилердің орнына көбіне табаны қалың, батыл стильдегі аяқ киімді – дөрекі бәтіңкелер мен етіктерді қолданады.

«Егер балетка немесе жеңіл туфли кесе, образ тым жұмсақ, нәзік болар еді. Ал ауыр аяқ киім бейнеге мінез, батылдық пен ішкі күш береді. Тіпті балалардың жүрісі де өзгереді», – дейді ол.

Сабина бүкіл жер шары бойынша Қазақстанның атынан қатысып, осылайша отандық fashion нарығының қатысу географиясын кеңейтуде. Оның жұмыстары Франциядағы Oriental Fashion Week, Италиядағы Milan Fashion Week, Түркиядағы Istanbul және Cappadocia Fashion Week, БАӘ-дегі Emirates Fashion Week, Azerbaijan Fashion Week, Ресейдегі Mercedes-Benz Fashion Week, Tbilisi Fashion Week подиумдарында, сондай-ақ Қазақстандағы аса ірі сән іс-шараларында сәтті көрсетілді. Жақында дизайнер Қазақстанның атынан Мароккодағы көрсетілімге де қатысты:

«Биылғы жылы біз Мароккодағы ауқымды оқиға – Tanger Fashion Week-ке бардық, қонақтардың қатарында Голливуд жұлдыздары, ал ұсынылған брендтердің арасында аты аңызға айналған VivienneWestwood та болды. Біздің көрсетіліміміз VivienneWestwood-пен бір күнде өтті, бұл мойындау мен құрметтің керемет белгісі болды. Біздің балалар подиумға шыққанда, көрермендер орындарынан тұрып кетті! Олар қол соғып қошемет көрсетіп, «жарайсыңдар» деп айқайлаумен болды. Міне, осындай минуттар үшін мен кез келген қиындықты жеңуге дайынмын! Ал, бұл дегеніңіз – ұзақ жол, ауыр заттар, балалар үшін жауапкершілік, уақыт белдеулерінің ауысуы..., сондықтан мұның оңай еместігіне күмәніңіз болмасын...Қазақстан туралы түрлі елдерде тек оң пікірлер айтылады, барлық жерде ыстық ықыласпен және құрметпен қарсы алады. Кейде мен тіпті еліміздің атын қандай қуанышпен және қызығушылықпен айтатынына таң қаламын. Неге олай екенін анық білмеймін, бірақ бұл әрдайым ерекше жағымды әсер қалдырады», - дейді ол.



Париждегі Oriental Fashion Week-ке қатысу да әлемдік аренадағы Қазақстанға деген ықыластың жарқын дәлелі болды. Іс-шараның 21 жылдық тарихында қазақстандық балалар haute couture форматындағы топтамамен тұңғыш рет подиумға шықты. ЮНЕСКО ғимаратында Сабинаға халықаралық мәдени байланыстарды дамытуға қосқан үлесі үшін салтанатты түрде марапат табысталса, Франциядағы Қазақстан елшілігі ұжымның құрметіне қабылдау ұйымдастырды, ал, көрермендер тік тұрып қол соғып, қошемет көрсетті.

«Таңқаларлығы, біз дәл сол залда жаңа топтаманы ұсынғаннан бері алты ай өтсе де, көпшіліктің көңілі өзгермеді. Қуаныш, таңданыс, тік тұрып қол соғу... Бұл сәттер мен үшін балалар сәні – ересектердің fashion-әлеміне қосымша ғана емес, осы индустрияның толыққанды, маңызды және дербес бөлігі екенінің айғағы болды», - дейді дизайнер мақтана.

Қазақстандағы балалар сәні – әлеуеті зор, бірақ әзірге әлі де қалыптасу үстіндегі бағыт.

Қатысушылардың саны жылдан жылға артып келе жатқанына қарамастан, нарықта шынайы сапалы өнімдердің үлесі небәрі 5%-дан аспайды.

«Қалғанының бәрі – сәнге еліктеу ғана», — дейді ол.

Сабинаның пікірінше, индустрияға шынайы шығармашылықтан гөрі пайда табу үшін келген «дизайнерсымақтар» көп. Олар сәннің техникалық немесе көркемдік қырларын терең түсінбейді. Матаны сезіну, пішу, өндірістің негізін білу – бұлар нағыз дизайнердің іргетасы болуы керек. Ал бүгінгі күні көпшілігі сәнді тек бедел мен танымалдылықтың құралы ретінде қабылдайды.

«Көбіне бұл — өз баласын сән сахнасында көргісі келетін, қалталы, бірақ біліксіз адамдар. Бұл — балалар fashion-индустриясына шынымен жанын салып жүргендердің еңбегін елеусіз қалдырады», — дейді Вольская.

Соған қарамастан, бұл сегментке деген қызығушылық артып келеді. Мәселен, 2025 жылдың қаңтарынан тамызына дейін тек Алматының өзінде 14-тен астам балалар сән көрсетілімі өткен. Бұл – аз емес. Ата-аналар балаларына барынша жақсысын ұсынуға тырысады.

«Бүгінде балалық шаққа көп көңіл бөлінуде. Экономикалық және геосаяси қиындықтарға қарамастан, балалар сәні нарығы тұрақтылығын жоғалтқан жоқ. Иә, дағдарыс бәріне әсер етіп жатыр. Бірақ, шынын айтқанда, өзіңнен үнемдеуге дайын боларсың, ал баладан ештеңе аямайсың ғой», — дейді дизайнер.

Ақпаратты пайдаланған жағдайда міндетті түрде оның көзі ретінде Central Asia Fashion Autumn-2025 халықаралық сән көрмесін; фотосуреттерді пайдаланған жағдайда – Central Asia Fashion баспасөз қызметін көрсету қажет. Материалдарға барлық айрықша құқықтар ұйымдастырушы – «САТЕХРО» компаниясына тиесілі. CAF туралы www.fashionexpo.kz ресми сайтынан және жобаның әлеуметтік желілерінен толығырақ білуге болады.